

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 83 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 2 мамырда тіркелді. Тіркеу N 4218. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 240 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Ескерту. Атауында және 1-тармақта, сонымен қоса Агенттік Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 83 қаулымен бекітілген сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының шығындылық коэффициентін есептеу ережесі Қосымшасының атауында "шығындылық коэффициентін" деген сөздер "шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

Сақтандыру қызметінің нәтижелерін обьективті бағалау және сақтандыру бизнесінің тиімділігін сипаттайтын қаржылық көрсеткіштердің есебіне бірыңғай тәсілді қолдану мақсатында, сондай-ақ сақтандырудың барлық сыныптары бойынша шығындылық талдамасын алу, сақтандыру қызметі рыногының дамуын болжаяу мүмкіндігі және сақтандыру үйымдары қабылдаған тәуекелдер мониторингі үшін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы үйымдарын қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Зан департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын

2) осы қаулы қабылданған күннен бастап он құндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, актуарийлерге, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" Заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстанның Актуарийлер Қоғамы" қоғамдық бірлестікке жіберілсін.

4. Халықаралық қатынастар және жүртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ф.Н. Өзбековке жүктелсін.

### *Төраға*

Қазақстан нарығын реттеу Басқармасының 25 бекітілді	Республикасы және мен наурыздады	Қаржы қадағалау 2006 N	Қаржы ұйымдарын агенттігі жылғы қаулысымен
--	---	---------------------------------	--

**Ескерту.** Атауында "шығындылық коэффициентін" деген сөздер "шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

### **Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесі**

Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43, 75-1-баптарын іске асыру мақсатында әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, қыстырылған коэффициенті) есептеу тәртібін айқындейдь.

**Ескерту.** Кіріспеде "шығындылық коэффициентін" деген сөздер "шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, қыстырылған коэффициенті)" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақысы - сақтандыру полисінің қолдану мерзімінің уақыты өткен бөлігіне қатысты сақтандыру сыйлықақысының бөлігі;

2) полистік жыл - сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі басталған күн мен қолданылу мерзімі аяқталған күн арасындағы кезең;

3) реттеуге арналған шығыстар - сақтандыру төлемдерін жүзеге асырумен байланысты бағалаушылар қызметі мен заң қызметін сатып алу бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосымша шығыстарының сомасы;

4) таза еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақысы - сақтандыру полисінің қолдану мерзімінің уақыты өткен бөлігіне қатысты қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру төлемдерінің сомасы;

5) төлемдердің таза сомасы - қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру төлемдерінің сомасы;

6) шеккен шығындар - сақтандыру төлемдері, реттеуге арналған шығыстар, сондай-ақ есептеу кезеңіндегі шығындар резервтеріндегі өзгерістер;

7) шығындар резервтеріндегі өзгерістердің таза сомасы - қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шығындар резервтеріндегі өзгерістер;

8) шығыстар - комиссиялық сыйақыны төлеу, бюджетке салықтарды және басқа міндетті төлемдерді төлеу, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-на жарналарды төлеу бойынша шығыстар, реттеуге жұмсалатын шығыстарды қоспағанда әкімшілік және басқа шығыстар.

**Ескеरту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 106 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициентерін есептеу жинақтаушы сақтандыру сыныптарын (түрлерін) қоспағанда сақтандырудың барлық сыныбына (түріне) тарапады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

3. Есептеуге пайдаланатын барлық сақтандыру сыйлықақылары мен шығындары бір полистік жылға жатады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18.00 сағаттан кешіктірмей осы Ереженің қосымшасына сәйкес шығындылықты сипаттайтын коэффициентерін есептеу туралы есепті (бұдан әрі - есеп) ұсынады.

**Ескеरту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.**

**4-1. Есеп электронды және қағаз тасымалдаушында ұсынылады. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдаушындағы есепке сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтері қол қояды, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының мөрімен куәландауды, актуариймен расталады және уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымда сақталады.**

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күннен кешіктірмей белгілі бір күнгі жағдай бойынша есептілікті қағаз тасымалдағышта ұсынады.**

**Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер қамтамасызы етеді.**

**Электрондық тасымалдағыштағы есептер құпиялыштырының және ұсынылатын деректердің түзетілмейтіндігін қамтамасызы ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдаланумен** ұсынады.

**Ескерту. 4-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**4-2. Есепті жасау барысында пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Есепте бес жұз теңгеден төмен сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жұз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.**

**Ескерту. 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

## **2-тарау. Шығындылықты сипаттайтын коэффициентерін есептеу тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

5. Қыыстырылған коэффициент шығындылық коэффициенті мен шығындар коэффициентінің сомасы ретінде есептеледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

6. Шығындылық коэффициентінің есептеуді қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып және қайта сақтандырушының үлесін ескермestен жүргізу қажет.

Ескерту. 6-тармақта және мәтін бойынша бұдан әрі "Шығындар көрсеткішінің", "Шығындардың көрсеткіші", "шығындар көрсеткіші" деген сөздерге сәйкес "Шығындылық коэффициентінің", "Шығындылықтың коэффициенті", "шығындылық коэффициенті" деген сөздермен ауыстырылды - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Шығындылықтың қайта сақтандырушының үлесі ескерілген коэффициенті сақтандырудың әрбір сыйныбы бойынша жеке не сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының барлық сақтандыру портфелі бойынша шегерілген шығындар сомасының мына формула бойынша еңбек сінірілген сақтандыру сыйлықақысының сомасына қатынасы есебінде есеп айырысады:

Қайта сақтандырушының үлесін Шеккен шығындар  
ескерген шығындылық коэффициенті= ----- \*100%

Еңбекпен өтелген сақтандыру

8. Шығындылықтың қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген коэффициенті сақтандырудың әрбір сыйныбы бойынша жеке не сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының барлық сақтандыру портфелі бойынша қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шегерілген шығындар сомасының мына формула бойынша таза еңбек сінірілген сақтандыру сыйлықақысының сомасына қатынасы есебінде есеп айырысады:

Қайта сақтандырушының үлесін  
ескерілместен шегерілген шығындар  
сақтандырушының үлесі  
ескерілмеген шығындылық коэффициенті= ----- \*100%

Таза еңбекпен өтелген  
сақтандыру сыйлық ақылары

9. Жұмсалған қаражат коэффициенті шығыстардың формула бойынша таза еңбекпен өтелген сақтандыру сыйлықақылары сомасына қатынасы есебінде сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының барлық сақтандыру портфелі бойынша есеп айырысады:

Жұмсалған  
қаражаттар коэффициенті =

Шығыстар

\*100%

Таза еңбекпен өтелген  
сақтандыру сыйлық ақылар

Ескерту. 9-тармақта және мәтін бойынша бұдан әрі "Жұмсалған қаражат көрсеткіші", "жұмсалған қаражат көрсеткіші" деген сөздерге сәйкес "Жұмсалған қаражат коэффициенті", "жұмсалған қаражат коэффициенті" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.07.15 № 106 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

10. Қиыстырылған коэффициент сақтандыру қызметінің жалпы тиімділігін және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының қаржылық жағдайын сипаттайты. Қиыстырылған коэффициентті есептеу қайта сақтандыруышының үлесін ескере отырып және қайта сақтандыруышының үлесі ескерілместен жүргізіледі.

Ескерту. 10-тармақта және мәтін бойынша бұдан әрі "Шығындылық коэффициенті", "Шығындылық коэффициентін", "шығындылық коэффициентіне", деген сөздерге сәйкес "Қиыстырылған коэффициент", "Қиыстырылған коэффициентті", "қиыстырылған коэффициентке" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

11. Қайта сақтандыруышының үлесі ескерілген қиыстырылған коэффициентке қайта сақтандыруышының үлесі ескерілген шығындылық коэффициенті мен жұмсалған қаражат коэффициенті енгізіледі және мынадай формууламен айқындалады:

Қайта сақтандыруышының  
үлесі ескерілген  
қиыстырылған коэффициент

Қайта сақтандыруышының үлесі  
ескерілген шығындылық коэффициенті  
= + Жұмсалған қаражат коэффициенті

12. Қайта сақтандыруышының үлесі ескерілмеген қиыстырылған коэффициентке қайта сақтандыруышының үлесі ескерілмеген шығындылық коэффициенті мен жұмсалған қаражат коэффициенті енгізіледі және мынадай формууламен айқындалады:

Қайта сақтандыруышының  
үлесі ескерілген  
қиыстырылған коэффициент

Қайта сақтандыруышының үлесі  
ескерілмеген шығындылық коэффициенті  
= + Жұмсалған қаражат коэффициенті

## 3-тарау. Қосымша ережелер

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының қаржылық жағдайын талдау есептеуі осы Ереженің қосымшасында көрсетілген қиыстырылған коэффициент бойынша жүргізіледі.

14. Егер қыыстырылған коэффициент жүз проценттен асып кеткен жағдайда, уәкілетті орган акционерлерге» "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабында көрсетілген ұсынымдардың берілуін қоса отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қаржылық сауықтыру бойынша шаралар қабылдауды ұсына алады.

## 4-тарау. Корытынды ережелер

15. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген тәртіппен шешіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының шығындылықты сипаттайтын  
коэффициенттерін есептеу  
ережесіне қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 106 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. караңыз), өзгерту енгізілді - 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйімшының қиыстырылған коэффициентін есептеу туралы есеп

(сақтандыру (қайта сақтандыру) үйімшының атауы)

20 жылғы «1» жағдай бойынша

1.1	көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі					x
1.2	тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі					x
1.3	өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру					x
1.4	жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру					x
1.5	экологиялық сақтандыру					x
1.6	аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі					x
1.7	туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі					x
1.8	қызметі үшінші тұлғаға зиян келтіру қаупімен байланысты болатын объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі					x
1.9	Қызметкерді еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан сақтандыру					
1.10	өзге де сақтандыру түрлері (сыныптары)					x
2	Ерікті жеке сақтандыру					x
2.1	өмірді сақтандыру					x
2.2	Аннуитеттік сақтандыру, оның ішінде:					

	Казақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес жасалған зейнетақы аннуитет шарттары						
2.2.1	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін аткарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандагы Заңына сәйкес жасалған аннуитет шарттары						
2.2.2	Аннуитеттік сақтандырудың өзге түрлері						
2.2.3	Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.						
2.3	Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.						
2.4	Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.						
2.5	жазатайым жағдайлардан сақтандыру						x
2.6	аурулардан сақтандыру						x
2.7	өзге де сақтандыру түрлері (сыныптары )						x
3	Ерікті мұліктік сақтандыру						x
3.1	автомобиль көлігін сақтандыру						x
3.2	теміржол көлігін сақтандыру						x
3.3	әуе көлігін сақтандыру						x
3.4	су көлігін сақтандыру						x

3.5	жүктөрді сақтандыру						x
3.6	осы есептің 3.1-3.5-тармақтар қоспағанда, мұлікті сақтандыру						x
3.7	автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру						x
3.8	әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру						x
3.9	су көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру						x
3.10	осы есептің 3.7-3.9-тармақтарда көрсетілген сыныптарды қоспағандағы, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру						x
3.11	заемдарды сақтандыру						x
3.12	ипотекалық сақтандыру						x
3.13	кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру						x
3.14	өзге қаржылық шығындардан сақтандыру						x
3.15	3.11-3.14-жолдарда көрсетілген сыныптарды қоспағанда қаржылық ұйымдардың шығыстарын сақтандыру						
3.16	титулдық сақтандыру						
3.17	сот шығыстарын сақтандыру						

3.18	өзге де сақтандыру түрлері (сыныптары )						
4	Сақтандыру портфелінің барлығы бойынша						

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезенде – оның орнындағы адам)

(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Актуарий

-----күні-----

Бас бухгалтер

(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы

(лауазымы, фамилиясы және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_»

Мөр орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК